

$$\vec{a}_N = \vec{a}_{N1} + \vec{a}_{N2} + \vec{a}_{N3} + \dots + \vec{a}_{Ni} + 0.$$

Үдеулерді есептеп шығарудың көрсетілген матрицын тек жоғарғы жартысын ғана есептеуді талап ететіні анық.

Бұл зерттеулер тек технологиялық мәссаптар үшін ғана емес, сонымен бірге теориялық, көзқарастан да, сондай-ақ нанотехнологияда да маңызды.

Металлургиялық процестерде олардың акқыштығы мен химиялық активтілігін есептеуіш материалтану әдістерімен теориялық негіздеу үшін металл балқыт-палардың кластерлік табиғатын ашу.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Smith W. Theory and computational Science Division // S.E.R.C.Daresbury Laboratory, Daresbury, UK, Marcy 26. 2003. P. 25
- Mori H., Hostino., Watabe M. A new bridge function scheme in the modified hypernetted chain approximation for liquid alloys // J.Phys.Condens. Mater. 1991. V.3, №48. P. 9791-9795.
- Azez K.A., Agarwal P.C., Kachava S.M. Compressibility of liquid metals // Acta Phys.Hung. – 1991. – V.70, №1-2. – P.15-19
- Сулейменов Т., Исағолов А.З., Шаихова Г.С., Бажиков К.Е., Касымова Л.Ж. Об алгоритме построения полиэдров Вороного // Труды междунар. научно-практич. конференции «Актуальные проблемы горно-металлургического комплекса Караганда». Караганда, 2007. С. 425-427.
- Сулейменов Т., Исағолов А.З., Абильгазин Б.И., Атамбаев Ж.Н., Шаихова Г.С. Реализация метода молекулярной динамики для определения функции радиального распределения / КарГТУ // Журнал «Труды университета». 2008, №1(49). С. 4-7.

**ӘОЖ 621.7.08**

## Металл кесуші білдектердің бағыттауыш тетіктері беттерінің өлшемдерін қою жүйесі

**К.Т. ШЕРОВ, МТ кафедрасының профессоры, т.ғ.д.,**  
**Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті**

**Кітап сөздер:** білдектер бағыттауыштары, бақылау сыйзыши, өлшеу дәлдігі, функционалдық, байланысты беттер, қыру, қалыптастыру.

Металл кесуші білдектер машинажасауда қазіргі заманғы машиналарды, аспаптарды, кесуші құралдарды және т.б. бұйымдарды жасап шығаруға арналған технологиялық жабдықтардың негізгі түрі болып табылады.

Сондыктан да білдекжасау өндірісін машинажасаудың маңызды және курделі салаларының бірі деп қарастыруға болады.

Білдекжасау өндірісінде құралқұймешікпен тұғырдың функционалдық байланысты беттерін (ФББ) өндеу аса құрделі процесс. ФББ беттеріне жанасуы біруақытта бірнеше беттер бойынша жүзеге асатын, ал жанасу дәлдігі түйісу нормаларымен белгіленетін жылжитын және жылжымайтын қосылудардың беттерін жатқызуға болады [1].

Мұндай беттерді аяқтауыш өндеу қыру болып табылады. Бұл процесс жұмысшының көп күш және уақытын талап етеді. Әрине ФББ-нің дәлдігін, сапасын және тазалығын жақсарту едәуір дөрежеде қыруды ұйымдастыру бойынша қол жеткізілген жетістіктерге тәуелді болады.


Металл кесуші білдектердің бағыттауыштары жылжитын және аз жылжитын қосылударға ие болады. ФББ-ге ие жылжитын қосылударға құралқұймешікпен тұғырдың қосылуы, артқы бабка мен тұғырдың қосылуы және құралқұймешіктің жоғарғы және төменгі құймешелерінің қосылудары жатады. Аз жылжитын қосылударға, яғни баптау, бақылау және т.б. жағдайларда қатысты түрде орын ауысуға ие болатын қосылударды жатқызуға болады. Мұндай қосылуға артқы

бабка корпусы мен тақтасының қосылуы мысал бола алады. Түйісу ауданындағы айырмашылықтар қалыптастыру жұмыстарын орындау кезінде ескерілуі керек.


Қазіргі уақытта білдекжасау өндірісінде ФББ-нің қабысушы жазықтықтарын өңдеу сәбексүйімділік шамасының айырмашылығына назар аудармайды. Ережеге сай барлық қабысушы беттер бойынша қалыптастыру біруақытта орындалады. Қалыптастыру жұмыстарының мұндай технологиясы ФББ-нің арасындағы өлшемдерді қоюға және сұлбаларға негізделген болады.

Артқы бабканың корпусы мен тақтасының қабысұы үш жазықтық бойынша қамтамасыз етіледі. Корпус және тақтандық қосылатын беттерінің бағыттаушы ойыстыры мен бағыттаушы дөңестігінің түрлері мен өлшемдері 1 және 2-сүреттерде көрсетілген. Бұл түрлер мен өлшемдер НТ-250И білдегі тетіктерінің жұмысшы сыйбаларынан алынған.

1 және 2 – сүреттерде берілген сыйбалардың талдауы, ондағы өлшемдерді қою схемасының проблемалық болып табылатындығын көрсетті. 1 – сүретте берілген 18-0,25 мм өлшем Р корпусынан жазықтығынан қосылудың бағыттаушы ойыстырының көлбеу жазықтығына дейінгі арақашықтықты көрсетеді. 18-0,25 мм өлшемді өлшеу кезінде кылышуышы сыйыктың орнын белгілеу аса курделі.



1 – сурет – НТ-250И токарлық білдегінің артқы бабка тақтасының бағыттаушы дөңестігінің өлшемдерін қою схемасы



2 – сурет – НТ-250И токарлық білдегінің артқы бабка корпусы бағыттаушы ойыстырының өлшемдерін қою схемасы

Сондай-ақ, 1 – суретте  $60^\circ \pm 1^\circ$  бұрыш көрсетілген. Қарастырылып отырған бағыттаушы ойыстық  $60^\circ \pm 1^\circ$  бұрышты сәйкес келүші бұрыш өлшегіштермен өлшеу үшін өте кішкентай. Артқы бабка корпусының бағыттаушы ойыстырының өлшемдерін өлшеу кезіндегі бұл қыншылықтар, артқы бабка корпусының бағыттаушы ойыстырының сыйбасында өлшемдерді қоюдың технологиялы емес екендігін көрсетеді.

2 – суретте берілген  $18+0,2$  мм өлшем, артқы бабка тақтасының бағыттаушы дөңестігінің перпендикуляр жазықтығынан, артқы бабка тақтасы жазықтығы мен артқы бабка тақтасының бағыттаушы дөңестігінің көлбесу жазықтығымен қылышы сузығына дейінгі арақашықтықты көрсетеді.

Қылышы сузығы жоғарыда қарастырылған жазықтықтардың ешкайсысынан да өтпейді және конструкторлық тұрғыдан тетік беттерінің кесіп өту бұрышының ұшы көрінісінде көрсетілмеген. Бұл сузық кеңістікте жатыр және өлшеу базасы ретінде қызмет ете алмайды.  $18+0,2$  мм өлшемді іс жүзінде тікелей өлшеудің мүмкіндігі жоқ.

Бұл кемшілікті 2 – суретте көрсетілген артқы бабка тақтасының бағыттаушы дөңестігінің ФББ-нің орналасуы және өлшемдерді қою схемасының технологиялы емес екендігін білдреді.

Өндірістік жағдайда артқы бабканың корпусы мен

тақтасының қабысушы беттерінің ауытқулары мен өлшемдерін жанама әдіспен, яғни кимаұлгілердің көмегімен аныктайды. Бұл қимаұлгілер сыйыктық және бұрыштық өлшемдердің сандық мәндерін аныктай алмайды. Тек қана қабысушы жазықтықтардың орналасуын шекті мәндер ауқымында ғана анықтау мүмкін.


ФББ-нің арасындағы өлшемдерді қоюдың жаратылған жаңа жүйесі [2] және оны қамтамасыз ететін арнайы өлшеу құрылғысының [3] бақылау әдісімен [4] сыйыштың [5] жобалануы металл кесуші білдектер тетіктерінің жұмысшы сыйбаларын жаңа жүйеге сайдаярлау сондай-ақ, ФББ-нің аралық өлшемдерін де жаңа жүйе бойынша қоюға мүмкіндік берді.

3 және 4 – суреттерде НТ-250И токарлық білдегінің артқы бабка корпусы мен тақтасының бағыттаушы дөңестігі мен ойыстықтары беттерінің аралық өлшемдерін жаңа схема бойынша қою көрсетілген. 3 – суретте көрсетілген бағыттаушы ойыстығы екі негізгі өлшемдермен берілген. Бұл  $30^\circ$  номиналдық мәнге ие бұрыш және призма конусының ұшынан қабысушы жазықтыққа дейін болған  $31,177$  мм өлшем.


4 – суретте жаңа жүйеге сай қойылған артқы бабка тақтасындағы бағыттаушы дөңестік өлшемдері көрсетілген. ФББ-нің түйісуін қамтамасыз ететін негізгі өлшемдер болып мұнда да призма конусының ұшынан қабысушы жазықтыққа дейін болған бұрыш пен өлшем қызмет етеді.

3 және 4 – суреттерде бұрыштың ұшынан жазықтыққа дейінгі өлшеммен бұрыш жеткілікті аз ауытку-

лармен берілген. Жобаланған бақылаушы сыйғышпен сыйыктық және бұрыштық өлшемдерді жоғары дәлдікте өлшеуге болады. Жаратылған жаңа жүйені камтамасыз етуші өлшеу құралдары мен жабдықтары металл кесүші білдектердің бағыттауши тетіктерінің ФББ өлшемдері мен ауытқуларының сандық мәндерін өлшеу мүмкіндігін берді. Бұл өз ретінде соңғы аяқтаушы өндөуге берілестін әдіптің мәнін бірнеше рет азайтуға алып келді. Сондай-ақ қабысушы ФББ-ні механикалық өндөудің ажарлау, жұқа фрезерлеу сияқты аяқтаушы түрлерін қолдану мүмкіндігін берді.



3 – сурет – НТ-250И токарлық білдегінің артқы бабка корпусы бағыттаушы ойыстығы беттерінің аралық өлшемдерін жаңа схема бойынша қою



4 – сурет – НТ-250И токарлық білдегінің артқы бабка тақтасының бағыттаушы дөңестігі беттерінің аралық өлшемдерін жаңа схема бойынша қою

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Коганов И.А., Никифоров А.П., Сотова Б.И., Герлейн М.О. Размерный анализ технологических процессов.: Тула: Изд-во ТулГУ, 1998. 109 с.
- Шеров К.Т., Аликулов Д.Е. Система измерения и контроля функционально связанных поверхностей: Монография. Караганда: Изд-во Карагандинский политехнический университет, 2011. 173 с.
- Шеров К.Т., Аликулов Д.Е. Устройство для контроля угла наклона боковой плоскости призматической направляющей станины токарного станка к плоскости направляющих станка // Инновационный патент №22441 Республики Казахстан на изобретение. 15.04.2010г., бюл. №4.
- Шеров К.Т., Аликулов Д.Е. Способ контроля углов V-образного профиля направляющих станков // Инновационный патент №22823 Республики Казахстан на изобретение 16.08.2010, бюл. №8.
- Шеров К.Т., Аликулов Д.Е. Контрольная линейка // Инновационный патент №22604 Республики Казахстан на изобретение 15.06.2010, бюл. №6.